

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 сәуірдегі N 432 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 шілде N 806.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Элиталық тұқым шаруашылығын және мал тұқымын асылдандыру ісін

сақтауға және дамытуға қаражат төлеудің 2002 жылға арналған ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 сәуірдегі N 432

P020432_

қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Элиталық тұқым шаруашылығын және мал тұқымын асылдандыру ісін сақтауға және дамытуға қаражат төлеудің 2002 жылға арналған ережесінде:

11-тармақтың 2) тармақшасының екінші абзацында "маусымда" деген сөз "шілдеде" деген сөзбен ауыстырылсын;

қосымшаның 6) тармақшасындағы кесте мынадай редакцияда жазылсын:

Өнім түрі	Бір тоннаға	1 тоннаға
	арналған арзандату %-ы	арналған субсидия нормативі, мың теңгемен
Күздік дақылдардан, жүгері мен күріштен басқа, астық және дәнді бұршақ дақылдары	40-қа дейін	11,926
Күздік дақылдар	40-қа дейін	14,667
Жүгері	40-қа дейін	30,000
Күріш	40-қа дейін	16,000
Күнбағыс	40-қа дейін	40,000
Басқа майлы дақылдар	40-қа дейін	16,000
Картоп	40-қа дейін	28,000
Жоңышқа	40-қа дейін	120,000
Басқа көп жылдық шөптер	40-қа дейін	46,000

Бір жылдық шөптер	40-қа дейін	12,000
Қант қызылшасы	40-қа дейін	16,000
Мақта	40-қа дейін	22,000

2. Осы қаулы 2002 жылғы 15 сәуірден бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б